

2010 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 987 Қаулысы. Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қаңтарда 98 нөмірімен тіркелді

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне» сәйкес, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысуышылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс айқындалсын.

2. «Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Ақтановаға жүктелсін.

4. Осы Қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген құннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан туындастырылған қатынастарға таралады.

Тараз қаласының әкімі

E. Астаев

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі

Жамбыл облысының Әділет департаменті

Тараз қаласының Әділет басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

В. Коротков

22 желтоқсан 2009 жыл.

«Жамбыл облысы

Ішкі істер департаментінің
Тараз қалалық Ішкі істер
басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Б. Құлекеев

22 желтоқсан 2009 жыл.

«Жамбыл облысы

Тараз қаласының Қорғаныс
істері жөніндегі басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Мельников

22 желтоқсан 2009 жыл.

Тараз қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 987 Қаулысына қосымша

Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың енбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

Ескерту. Қосымшага өзгерту енгізілді - Тараз қаласы әкімдігінің 2010.06.17 № 506 Қаулысымен; 2010.07.29 № 656 Қаулысымен (2010 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушылардың енбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері (тенге)	Сұраныс	Ұсыныс
1	«Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жасыл-Тараз» мамандандырылған кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Қаланы санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру	Аптасына 40 сағат	20000 жергілікті бюджет	304	304
2	«Казакстан Республикасы Әділет Министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті Тараз қаласының	Күжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету	Демалыс кундерін ескере отырып, куніне 7	20000 жергілікті бюджет		3

	«Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі		сағат, 12 ай мерзімге		3	
3	«Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің Тараз қалалық Ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Бөлімшелердің аулашының тазалау	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 7 сағат, 12 ай	20000 жергілікті бюджет	3	3
4	«Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тұрғын үй» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Бекітілген участеклеріндегі санитарлық тазалау	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 7 сағат, 12 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	7	7
5	«Жамбыл облысы Тараз қаласының Корғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Күжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 7 сағат, 6 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	3	3
6	Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Спорт аландарының жұмысын жүргізу	Аптасына 40 сағат	20000 теңге жергілікті бюджет	10	10
Барлығы:					330	330

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК